

"Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2002 жылғы 22 қарашадағы N 175 бүйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 28 қарашада тіркелді Трікеу N 2058. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 Бүйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2012.01.31 № 31 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Бүйрығымен.

Нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібін жетілдіру мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 бүйрығына (Әділет министрлігінде N 564 тіркелген, 1998 жылғы 30 қарашада N 8 "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 бүйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 7 бүйрығы және "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 бүйрығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 20 қарашадағы N 527-К бүйрығы ") мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізсін:

көрсетілген Бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы нұсқаулыққа:

1) 4-тармақта "еңбек келісімімен" деген сөздер "жеке еңбек шартымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 20-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Занды тұлғаның бірінші басшының өкілеттігі, Жарғы (Ереже), занды тұлғаны тіркеу туралы куәлік, оны қызметке тағайындау туралы бүйрық, қызметке сайлау туралы жиналыс хаттамасы бойынша тексеріледі";

3) 23-тармақта "тегі" деген сөзден кейін "аты және әкесінің аты" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 24-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімге, тегі, аты, әкесінің аты, және туған жері, тұрғылықты жері, жеке басын қуәландыратын құжат туралы деректерді көрсетіп, құжатқа қол қойған адам туралы мәлімет енгізеді";

5) 27-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу үшін құжатты аударған тұлға туралы мәліметте тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін, тұрғылықты орнын, құжаттары туралы мәліметтерді, жеке басын қуәландыратын құжат туралы деректерді көрсете отырып, тізілімге жазу енгізеді.";

6) 29 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Жеке басын қуәландырылатын ұсынылған құжаттар күмән тудырған жағдайда, нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасауға жүгінген адамның жеке басын растайтын қосымша құжаттарды (әскери билет, қызметтік қуәлік және т.б.) талап ете алады, бұл туралы нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу жөніндегі тізілімге белгі соғылады.";

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер құжат нотариустың ісінде сақтауға қалдырылса нотариалды қуәландыратын құжатта не нотариус ісінде құжат сақтауға қалдырылмаған жағдайда тізілімде занды және жеке тұлғалар туралы мәлімет көрсетіледі.";

7) 34-тармақтағы "нотариустың қалауы бойынша немесе мұдделі адамдардың" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 46-тармақта "мұдделі адамдарға" деген сөздер "мурагерлерге" деген сөзben ауыстырылсын;

9) 50-тармақта "Мемлекеттік баж туралы" "Қазақстан Республикасы Заңының 3-тарауының 10-бабы" деген сөздер "Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 502-бабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 54-тармақта "мұліктің сақтаушысымен", "мұлік сақтаушы" деген сөздер "мурагерлікті сенімгерлік басқарушымен", "мурагерлікті сенімгерлік басқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 58-тармақта "қажет болған жағдайларда" деген сөздер алынып тасталсын;

12) 63-тармақта "ата-аналар", "ата-аналарының" деген сөздер "ата-аналарының бірі", "ата-аналарының біреуінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 65-тармақта "қозғалмайтын" деген сөз алынып тасталсын;

14) 67-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тіркеуден өткен жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру туралы шартты бұзған жағдайда, нотариус шартты бұзған сөtte Құқықтық кадастрың тіркеу парағының көшірмесі және техникалық сипаттамасы туралы анықтама негізінде келісімді куәландырады, оны белгіленген тәртіпте тіркейді және құқықты белгілейтін құжатты мүлік иесіне қайтарады.";

15) 73-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Ерлі-зайыптылардың біреуі жылжымайтын мүлікті сатып алу жөнінде мәміле мен нотариаттық куәландыруды және (немесе) занда белгіленген тәртіппен тіркеуді талап ететін мәміле жасаған кезде басқа жұбайдың келісімі қажет ("Неке және отбасы туралы" Заңның 33-бабының 2-тармағы). Бұл ретте шарттың мәтінінде сатып алушы мүлікті өз зайыбының келісімімен сатылышын көрсетуі тиіс.";

16) 78-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жер участеклерін ғимаратқа (ғимарат, құрылыш) қызмет көрсету үшін сатып алмаған азаматтар мен мемлекеттік емес занды тұлғалар жер участеклерін меншікке сатып алуға немесе жер участеклеріне құқығын оларды меншікке сатып алғанға дейін жалдау шартымен қысқа мерзімді немесе ұзак мерзімді уақытша жер пайдалануға қайта ресімдеуге тиіс ("Жер туралы" Заңның 124-бабы).

Осындай жер участексіне иеліктен айыру құқығы мынадай жағдайда, егер жер участексіне уақытша қысқа мерзімді немесе ұзак мерзімді жерді жалға беру жағдайында пайдалануда жер участексіне құқықтарды қайта ресімдеу немесе жер участексін меншікке сатып алу жөніндегі міндеттер иеліктен айырушымен шарт бойынша сатып алушымен жүзеге асырылады.";

17) 80 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" 22.12.1995 жылғы Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Жер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада "(Жарлықтың 40-бабының 2-тармағы), сонымен қатар пайдалануға берілген жер участекінде тұрған жылжымайтын мүлік объектілерін (Жарлықтың 18-бабының 5-тармағы)" деген сөздер "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "Жарлықтың 44-бабының 2-тармағы" деген сөздер "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 2-тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжатта көрсетілген техникалық сипаттама осындай құжатты берген күннен бастап 15 күн ішінде жарамды болып

табылады. Құқық белгілейтін құжатта көрсетілген мүліктің техникалық сипаттамасы туралы мәліметтер иеліктен айыру сәтіндегі құжатта көрсетілген мәліметтермен сәйкес келмесе, нотариус осындай өзгерістердің тіркелгенін растайтын құжатты талап етеді.";

19) 99-тармақ ", бұл туралы нотариаттық куәландыратын құжаттың мәтінінде белгі соғылады" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 102-тармақтың екінші абзацы ", бұл туралы нотариаттық іс-әрекетті жасауды кейінге қалдыру туралы қаулы шығарылады" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 105-тармақта "3 жылдан аса мерзімге" деген сөздер "5 жылдан аса мерзімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 140-тармақта "қол қойған адамның" деген сөздерден кейін "куәгердің" деген сөзбен толықтырылсын;

23) 189-тармақта "одан" деген сөз "мұрагерліктен немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 237-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Бұл ретте нотариустың істерінде құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі қалады.";

25) 252-тармақта "ресмилендіру" деген сөзден кейін "немесе апостиль" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 260-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:
"Нотариус құжатта 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандардың қолының дұрыстығын ата-аналарының (асырап алушылардың, қамқоршылардың) қатысуымен, ал әрекет қабілеттілігі шектеулі адамдардың - қамқоршылардың келісімімен куәландырады.";

27) 264-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Қол қою құқығына заңды тұлғаның құқық қабілеттілігін және лауазымды адамның өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмесі нотариуста қалады.";

28) 267-тармақта "ресмилендіргенді" деген сөзден кейін "немесе апостилі" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 272-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:
"Нотариус кәмелетке толмағанның жеке басын анықтау бойынша қосымша шаралар (көршілерден, мұғалімдерден және т.б. сұрау) қолдануы мүмкін";

30) 16-тарау мынадай мазмұндағы 297-1-тармақпен толықтырылсын:
"297-1. Нотариустың депозиттік есебіндегі ақша нотариустың табысы болып табылмайды.";

31) 360-тармақта "ресмилендірілген" деген сөздің алдынан "оларға апостиль қойған не" сөздермен толықтырылсын.

2. Бұйрық мемлекеттік тіркелген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға жатады.

Казақстан Республикасының

Әділет министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК